

Мемлекеттік ресурстар мен резервтің астығын пайдаланудың тәртібін бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1999 жылғы 30 қыркүйек N 1506.

Астықтың мемлекеттік экспорттық ресурстарының, тұқымдық астықтың мемлекеттік ресурстарын және азық-түліктік астықтың мемлекеттік резервін мемлекеттік басқаруды реттеу мақсатында Қазақстан Республикасы Үкіметі қаулы етеді:

1. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2001.03.28. N 394 қаулысымен.

2. Азық-түліктің, астықтың мемлекеттік резерві "Қазақстан Республикасының 1997 жылға арналған Республикалық бюджет туралы" Заңын іске асыру туралы", Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 31 желтоқсандағы N 1737 қаулысымен айқындалған қаражаттың есебінен, ал тұқымдық астықтың мемлекеттік ресурстары мен астықтың мемлекеттік экспорттық ресурстары Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Тұқымдық астықтың мемлекеттік резерві туралы" 1999 жылғы 14 қыркүйектегі N 1390 және "1999 жылдың астығын мемлекеттік сатып алудың, оның есебін жүргізудің, сақтаудың және сатудың кейбір мәселелері туралы" 1999 жылғы 2 қыркүйектегі N 1303 қаулыларына сәйкес "Астық сатып алу және ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерін қолдау жөніндегі кейбір шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 5 қазандағы N 998 қаулысында көрсетілген қаражаттың есебінен құрылғаны ескерілсін.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Астық сатып алу және ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерін қолдау жөніндегі кейбір шаралар туралы" 1998 жылғы 5 қазандағы N 998, "Тұқымдық астықтың мемлекеттік ресурстары туралы" 1999 жылғы 14 қыркүйектегі N 1390 және "1999 жылғы егіннің астығын мемлекеттік сатып алудың, оның есебін жүргізудің, сақтаудың және сатудың кейбір мәселелері туралы" 1999 жылғы 2 қыркүйектегі N 1303 қаулыларына сәйкес бөлінген несиелік ресурстар есебінен сатып алынған астықты сатудан түскен қаражат астықтың мемлекеттік экспорттық ресурстарын қалыптастыру үшін Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің "Азық-түлік келісім-шарт корпорациясы" жабық акционерлік қоғамының Астана қаласы бойынша қазынашылық басқармасында ашылған және бақылауындағы валюталық және теңгелік арнаулы шотына қайтарымды негізде жіберілсін.

Ескерту. 2-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 1999.12.23 N 1964; 2000.09.27. N 1455 қаулыларымен.

3. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2001.03.28. N 394 қаулысымен.

4. "Тұқымдық астықтың мемлекеттік резерві туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 14 қыркүйектегі N 1390 P991390_ қаулысына мынадай өзгерістер енгізілсін:

1) тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"Тұқымдық астықтың мемлекеттік ресурстары туралы";

2) кіріспедегі және 3-ші тармақтың 1) тармақшасындағы "мемлекеттік резервін" деген сөздер "мемлекеттік ресурстарын" деген сөздермен ауыстырылсын;

3) 3-ші тармақтың 2) тармақшасы алынып тасталсын.

5. Мыналардың күші жойылды деп танылсын:

1) "Қазақстан Республикасы астығының мемлекеттік ресурстары туралы ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 13 маусымдағы N 815 қаулысының (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1995 ж., N 21, 237-құжат);

2) "Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 13 маусымдағы N 815 қаулысына өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1995 жылғы 19 қазандағы N 1352 (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1995 ж., N 33, 418-құжат).

6. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1999 жылғы 30 қыркүйектегі
N 1506 қаулысымен
бекітілген

Қазақстан Республикасының азық-түліктік астығының мемлекеттік резервін пайдаланудың Тәртібі

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2001.03.28. N 394 қаулысымен.

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1999 жылғы 30 қыркүйектегі
N 1506 қаулысымен
бекітілген

Қазақстан Республикасының тұқымдық астығының мемлекеттік ресурстарын пайдаланудың Тәртібі

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2001.03.28. N 394 қаулысымен.

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1999 жылғы 30 қыркүйектегі
N 1506 қаулысымен
бекітілген

**Қазақстан Республикасы астығының мемлекеттік
экспорттық ресурстарын пайдаланудың
Тәртібі**

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2001.03.28. N 394 қаулысымен.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК